

Рысқұл Н.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
заң факультетінің 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы Даубасова С.Ш.

Криминалистикалық фотография

Криминалистік фотографияның даму тарихы жалпы фотография тарихына негізделеді.

Қылмыспен күресу мақсатында фотосурет XIX ғасырдың ортасынан бастап қолданыла бастады. Басында негізінен қылмыскерлерді есепке алу үшін қолданылса, соңынан қылмыскерлерді жедел іздестіру, оқиға болған жерді қарау, табылған белгісіз өліктерді есепке қою және жедел-іздестіру жұмыстарын іске асыру мақсатында қолданыла бастады.

XIX ғасырдың 70 жылдарында аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін арнайы құралдар шығаруға талпыныстар жасала бастайды. Бұл сұраққа бірінші болып үлкен көңіл аударған француз криминалисі Альфонс Бертильон болды. Ол ірі пішімді фотокамераның бірнеше түрін ойлап шығарды және жалпы фотографияның техникалық тәсілдері мен әдістерін қолдана отырып, қылмыскерді 1/7 кескіні көрсететін суретке түсіруді ұсынды[1].

Сот фотографиясының даму тарихы жалпы фотография тарихына негізделеді. Қылмыспен күресу мақсатында фотосурет 19-ғасырдың ортасынан бастап қолданыла бастады. Басында негізінен қылмыскерді ұстау фотографиясына үлкен үлес қосты. үшін қолданылса, соңынан қылмыскерді жедел іздестіру, оқиға болған жерді қарау, табылған белгісіз иеліктерді есепке қою және жедел іздестіру жұмыстарын іске асыру мақсатында қолданыла бастады. 19-ғасырдың соңында Ресейде орыстың белгілі криминалисі Е.Ф. Буринский зерттеу фотографиясына үлкен үлес қосты.

Фотографияны тергеу және сараптау тәжірибесінде қолдану сұрақтарының жүйесін атақты совет криминалисі С.М. Потапов 1926 жылы «Сот фотографиясы» кітабында жазды[2].

Бұл салада өзге де ғалымдар ғылыми жұмыс жүргізген және жүргізуде. Қазіргі уақытта сот фотографиясы бойынша жазылған көптеген әдебиеттер бар. Бұл аймақта сот фотографиясы А.А. Эйсман, Н.А. Селиванов және басқалардың еңбектерінде жақсы айтылады. Осы көрсетілген және де басқа ғалымдардың еңбектерінің негізінде криминалистиканың жаңа саласы-криминалистік фотография қалыптасты.

Криминалистік фотография дегеніміз - фототүсірілімдердің жалпы және арнайы түрлерін қолданудың құрал-жабдықтары мен әдістеріне, оларды криминалистикалық мақсатта қолданудың ғылыми негізделген мәліметтеріне, сондай-ақ криминалистикалық зерттеулердің сәйкес нәтижелеріне негізделеді. Криминалистикалық техниканың бөлімі ретінде, Ол қылмысты ашу мен тергеуге байланысты әртүрлі криминалистикалық қызмет барысында қолданылатын фототүсірілім құралдары мен әдістерінің жетілдірілген ғылыми жүйесін құрайды.

Криминалистік фотография қылмысты ашу және тергеу үшін қажетті мәліметтерді беруде құжаттылығымен, көрнектілігімен, жоғары дәлелділігімен, шынайылығымен және жағдайды тез бекітуімен ерекшеленеді[3].

Криминалистік фотография жалпы фотографияға негізделгенімен, оның өзіндік бірқатар ерекшеліктері бар. Олар:

а) түсіретін нысанның өзіндік міндеттемесі, яғни тергелетін қылмыстың оқиғаларымен байланыстылығы (заттай айғақтар, орын, мәйіттер, т.б.);

ә) криминалистік фотографияны қолданатын арнайы субъектілердің болуы (тергеуші, анықтаушы, жедел қызметкер, учаскелік инспектор, маман-криминалист, сарапшы);

б) фотосуретке түсіру мақсаты қылмыстық істерді тергеу және ашу үшін маңызы бар фактілерді табу, бекіту, жинау және пайдалану;

в) арнайы құралдарды, құжаттарды қолдануы. Мәселен, кезекші камерасы, С-64 құралы, микрофотонасадка МРКА және т.б.

г) суретке түсірудің арнайы тәсілдерін қолдануы ерекшеліктері (мысалы: қан іздері, аяқ іздері);

д) суреттерді қолдан қосымша өзгертуге болмайтындығы (мәселен, ретушь-бұл фотобейненің механикалық түзетудің тәсілі; қателерді қарындаштармен, бояулармен, қырғыш скальпельдермен дұрыстау. Ретушь суретке бейнеленген детальдардың мінездемесін, суретке түсірудің объектілерінің ерекшелігін өзгертеді, ал сот және тергеу үшін объектілер туралы айқын көріністі бейнелейді);

е) заңға және нормативтік актілерге негізделген ерекше тәртіппен толтырылған фотосуреттер мен фотокестелер.

Криминалистік фотография қолданылатын тәсілдер мен әдістер өздерінің қолдану міндеттеріне байланысты жедел-ізвестіру, сот-тергеуі және сот зерттеуі фотографиясы болып үш топқа бөлінеді.

Сот-жеделдік фотографиясы мына жағдайларда қолданылады:

а) оқиға болған жерді қарағанда, заттай айғақ немесе құжаттарды қарау барысында;

ә) тірі тұлғаларды куәландыру жағдайында;

б) тінту мен алуды жүргізу барысында;

в) зерттеу эксперименті барысында;

г) тану үшін көрсету жағдайында;

д) айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау барысында.

Фотоға түсіру түрі - іске айғақты мәні бар объектілер мен фактілердің шынайы көрінісі қалуын орындауды қамтамасыз ететін әдістер, тәсілдер және ережелердің жиынтығы.

Сот-жеделдік фотографиялар объектісіне байланысты келесі түрлерге бөлінеді: оқиға болған жер, тінту жүргізгенде, зерттеу эксперименті барысында, тірі тұлғалар, өліктер, іздер, заттай айғақтар мен құжаттар.

Сот – жеделдік фотография әдісіне жататындар:

а) қарапайым

ә) панорамалық

б) тануға көрсету үшін немесе сигналитикалық

в) ірі масштабта (макротүсіру);

г) репродукциялық

д) стереоскопиялық түсіру әдісі. Суреттер көрсетілген әдістердің кейбіреулері тек кейбір объектілерге қатысты қолданылады. Сөйтіп репродукциялық фотография құжаттарды түсіру үшін, тануға байланысты-тірі тұлғаларды және өліктерді түсіру үшін қолданылады. Басқа әдістер түрлі суретке түсіру түрлеріне қолданылады. Панорамалық фотоға түсіру оқиға болған жерді және зерттеу экспериментін, ұзындығы біршама үлкен іздерді суретке түсіру кезінде және т.б. жағдайларда қолданылады[4].

Тергеу қарауын жүргізу кезінде оқиға болған жерді суретке түсіру. Оқиға болған жердің жағдайын және ол жерден табылған қылмыстық іздер мен басқа да заттай дәлелдемелерді дұрыс әрі толық бекіту тергеу әрекетінде қойылатын негізгі талаптардың біріне жатады.

Оқиға болған жерді түсіру келесідей әдіс түрлері арқылы жүзеге асырылады:

а) Бағдарлап түсіру;

ә) Шолып түсіру;

б) Түйінді түсіру;

в) Детальды түсіру;

г) Жергілікті жерде детальды түсіру.

Осы әдістердің ішінен яғни шолып түсіру әдісіне нақтырақ тоқталып өтетін болсақ, бұл оқиға болған жерді қоршаған айналасынсыз тек өзін ғана түсіру. Фотоаппарат оқиға болған жердің толық көрінуіне немесе оның кпшілік бөлігінің көрінуіне мүмкіндік беретін нүктеге қатысты орналастырылады. Шолып түсіру арқылы оқиға болған жердің жағдайын анықтауға жіне орналасқан заттар туралы дұрыс түсінік алуға болады.

Криминалистік объектілерді фотоға түсіру ережелерінің бірі заттай дәлелдемелерді фотоға түсіру. Алғашқыда заттай дәлелде табылған жерінде фотоға түсіріледі. Тораптық сурет заттай айғақты ғана емес, оны қоршаған заттарды да қамтиды. Содан соң заттай айғақты бөлшектеп түсіру әдісімен фотоға түсіреді.

Бұл жерде түсірілетін заттардың жарықтануына ерекше көңіл бөлінеді, өйткені заттардың формалары мен сыртқы белгілерінің дұрыс қабылдануы жарықтың түсуіне байланысты болады. Объектінің фотобейнесін анық көрсету үшін бірнеше жарық көзі қолданылады. Заттың анық бейнесін алу үшін оны ашық фонда түсіреді. Бұл үшін объектіні ақ қағазға қоюға болады. Бірақ оған жарық түсіргенде міндетті түрде көлеңке пайда болады. Көлеңкені болдырмау үшін кадр көрінбеуі тиіс кітаптың, кірпіштің үстіне қойылған шыны әйнекті қолданады.

Хромдалған және никельденген заттарды түсіру біршама қиындық тудырады. Шағылысуды болдырмау үшін жарықтың түсу бағытын өзгертеді, яғни оны объектіге емес, ақ экранға бағыттайды. Заттық дәлелдемелерді түсіру кезінде олардың үстіндегі іздерді, жеке белгілерді көрсетуге ерекше көңіл бөлінеді. Ол үшін объектіні түрлі жақтардан және бөлшектеп фотоға түсіруге болады. Ұсақ объектілерді ірі масштабты фотоға түсіру әдісімен жасайды.

Іздердің суретке түсіруді бірнеше тәсілге бөліп қарастырсақ болады.1) Қол ізін суретке түсіргенде, алдымен іздердің оқшауланып орналасуын көрсетуі үшін із табылған заттың жалпы түрін суретке түсіреді. Содан соң іздердің өздерін түсіреді. Қолдың бірлі-жарым іздері ірі масштабты сурет әдісімен түсіндіріледі.

Қол іздерін ойдағыдай түсіру үшін жарықтың маңызы зор. Негізінде кез келген жарық қолданылуы мүмкін, бірақ бір нүктеге жарық беретін құралды қолдану тиімдірек болады. Егер із әйнектей затта орналасса, жарықты қарсы жақтан бағыттайды[5].

Шаңда қалған қолдың бедерлі іздерін қырынан жарықталу арқылы түсіреді.

Тегіс емес жазықта қалған іздерді түсіру үшін жарықты тіке бағыттайды. Кейде «перде», яғни көлемі ізден үлкен тесігі бар қара қағаз қолданылады. Егер әйнектей жазықта қалған із, ақ ұнтақпен себілсе, объектінің астына қара қағаз қойылады.

ә) Аяқ (аяқ киім) және көлік іздерін суретке түсіру. Іздердің жиынтығын да, жеке іздерді де суретке түсіреді. Қатар бірнеше іздерді түсіргенде сызықты панорама әдісін қолданады. Фотоаппараттың оптикалық осін жазықтыққа перпендикулярлы орналастырып, іздің үстінен түсіреді. Сызықты панорама әдісімен созылған көлік іздерін түсіреді.

Аяқтың жеке іздерінің формасы мен көлемін, сондай-ақ іздің белгілері мен ерекшеліктерін бекіту үшін суретке түсіреді. Көліктердің ізін түсіргенде анық протектор суреті бар учаскелеріне көңіл аударады. Іздерді кіші пішімді аппаратпен түсіргенде ұзартқыш сақина қолданылады. Фотоаппаратты кадрдың ізі барлық бөлігін алатындай етіп орналастырады.

Жарықты объектіге-тура және жанынан бағыттайды. Тура жарық іздің формасын түсіруге, ал жанынан -оның негізгі белгілерін бекітуге мүмкіндік береді.

Суретке түсіру масштабы әдіс арқылы жүзеге асады. Масштабы сызғыштың миллиметрлік бөліктері болуы тиіс. Сызғышты іздің түбіндегі жазықпен бірдей қылып орналастырған жөн. Ол үшін кейбір жағдайда іздің қасынан тиісті тереңдікте ор қазып, түбіне сызғышты қояды;

б) Бұзу құралдары мен құрал-сайман іздерін суретке түсіру.

Сонымен қатар криминалистика лабораториясының полигонында Даубасова С.Ш. және 307 топ студенттері қатысуымен алдын-ала тергеу әрекетін жүргіздік. «Арыздарды тіркеу кітапшасына келіп түскен хабарлама бойынша криминалист, тергеуші, сарапшы-маман, полиция аға летинанты және куәгерлер ҚР ҚІЖК-не сәйкес құқықтары мен міндеттері бойынша берілген мекен-жай бойынша жөнелтілді. Тергеу әрекеті кезінде ең бірінші қарапайым әдісті пайдаланылып суретке түсірілді. Сонана соң іздің формасына және із қалдырған құралдың ерекшеліктері мен нысандары туралы болжауға мүмкіндік беретін, оның ерекше белгілеріне аса көңіл бөлінді. Бұл белгілерді анық түсіру үшін аралас жарық түсіру тәсілін, яғни тура және жанынан түсірген жарық, ал боялған бет-бедер іздерді түсірген кезде жарық фильтрі қолданылды.

Мәйітті суреті түсіру кезінде оқиға болған жерде мәйітті түсіргенде бірінші суретті көріністі суретке түсіру ережесі бойынша түсіреді. Бұл мәйіттің оны қоршаған объектілерге қатысты орналасуын анықтауға мүмкіндік береді. Яғни бағдаралап, шолып түсіру әдістерін қолданып фотосуретке түсіреді. Үшінші суретте мәйіттің үстінен түсіреді. Егер мәйітті аяқ жағынан түсірсе, бейне бұрмалануы мүмкін. Мәйітті аяқ немесе бас жағынан түсіру кей жағдайларда ғана қолданылады. Мәйітті жіңішке пленкалы фотоаппаратпен түсіргенде фотографиялық кішірейту коэффициенті 60 градусқа тең болады. Мұндай суретте киімнің бұзылғанына, қанның іздері анық көрінбейді. Сондықтан мәйітті суретке түсіргенде сызықтық панорама тәсілі қолданады: бірінші мәйіттің өліктің жоғарғы бөлігін суретке түсіреді. Мәйіттің табылған күйін бекіткен соң, оны орнынан қозғауға болады. Суретке түсіру кезінде денедегі зақымдарға ерекше көңіл бөлінеді. Олардың детальды түсіру әдісі арқылы түсіріледі»

Қорыта келетін болсақ, тергеу әрекеті мен жедел-ізвестіру шараларының барысын, оның жеке кезеңдері мен нәтижелерін және криминалистикалық-сараптамалық зерттеулерді бейнелеп бекіту арқылы дәлелдемелік, жедел-ізвестіру және сараптамалық ақпараттарды дәлме-дәл алуға болады. Ол іс үшін маңызы бар қылмыстың іздерін, жеке заттарды және басқа да материалдық объектілер мен заттай дәлелдемелерді көрнекі түрде бейнелеудің сенімді әдіс-құралы болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Гинзбург А.Я., Оганов Н.И., Поврезнюк Г.И. Криминалистика негіздері: Жоғары және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007.
2. Жәкішев Е.Ғ. Криминалистік тактика Оқу құралы / Еркін Ғазизұлы Жәкішев.- Алматы: Жеті жарғы, 1997.- 90, [2]б.
3. Поврезнюк Г.И., Поврезнюк Л.Л., Дильбарханова Ж.Р. Медико-криминалистический справочник. Учебно-практическое пособие. – Алматы: «Аян Эдет», 1999, 154 с.
4. Гинзбург А. Я., Поврезнюк Г. И., Калинин А. В. Справочник следователя. – Алматы; ТОО «Аян Эдет», 1998 г., 400 с.
5. Гинзбург А. Я., Поврезнюк Г. И., Оганов Н. И., Криминалистика: рекомендации к раскрытию преступлений. Учебно-практическое пособие.- Алматы: Жеті жарғы, 2005. – 352 с.